



ЭКОНОМИКАҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ

2018 ж. Қараша айы

Өткен айдаң негізгі үрдістері (ж/ж):

- Жылдық инфляция нысаналы дәліз шегінде қалыптасты (5,3%)
- Мұнайдың әлемдік бағасының айтарлықтай төмендеуіне қарамастан, мұнай өндіру мен оны көтерме саудада сату қарқынының біршама үдеуі байқалды
- Ауыл шаруашылығында мал шаруашылығының өсуі аясында оң динамика сақталуда
- Инвестициялық белсенділіктің төмендеуі жалғасты

I. ИНФЛЯЦИЯ

2018 жылдың қараша айында айлық инфляция 0,9% құрады.

Азық-түлік инфляцияның құрамдас бөліктерінің бағалары бір айдың ішінде 1,1%-ға қымбаттады. Азық-түлік инфляциясының күрт ұлғаюы ұсыныстың төмендеуі аясында жеміс-көкөніс өнімдері мен құс еті бағаларының қатты өсуімен байланысты. Құс етінің нарықтағы тапшылығы осы тауарға Ресей экспортына тыйым салумен түсіндіріледі.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 0,8% -ға өсті. 2018 жылдың қараша айында дизель отынына бағаның айтарлықтай өсуі тіркелді, бұл осы отын түрінің көрші мемлекеттер нарығына жаппай шығырылуымен байланысты. Сонымен қатар, ішкі өндірістің өсуі және Ресейден импортқа уақытша тыйым салу аясында бензин бағасы сегізінші ай қатарынан төмендеуін жалғастырды.

2018 жылғы қарашада **ақылы қызметтер** 0,7% - ға қымбаттады. Сервистік инфляцияны жеделдетуіне негізгі үлесті қоғамдық тамақтану, көлік, демалыс, ойын-сауық және мәдениет қызметтерінің қымбаттауы қосты.


Жылдық инфляция 2018 жылғы қараша айында 5,3% құрады. Жылдық инфляцияға негізгі үлес 6,5% - ға қымбаттаған азық-түлік емес тауарларға тиесілі болды. Сервистік инфляция баяулауымен бір мезгілде азық-түліктің инфляцияның жеделдеуі байқалады.

2018 жылғы қарашада жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша инфляцияның ағымдағы деңгейінің азаюы аясында халықтың инфляциялық күтулері айтарлықтай төмендеді. Алдағы жылға күтілетін инфляцияның болжамы 5,3% -ды құрады.

Кәсіпорындардың сауалнамасына сәйкес респонденттердің 73,9% -ы 2018 жылдың төртінші тоқсанында бағаның ағымдағы қарқынмен өсетініне сенеді. 2018 жылдың төртінші тоқсанында бағалардың өсуін күткен кәсіпорындардың үлесі біршама өсіп, ал бағаның төмендеуін күткен кәсіпорындар саны азайғанын атап өткен жөн.


Ұлттық Банктің болжамдарына сәйкес 2018 жылы жылдық инфляция 5-7% мақсатты дәлізде қалады.

1-график. Тұтынушылық бағалары индексі, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

2-график. Халықтың инфляциялық күтулері, ж/ж



3-график. ҚР экономикасының нақты секторы кәсіпорындарының инфляциялық күтулері, %



ҚР ҰБ деректері бойынша



II. ІШКІ ЖАЛПЫ ӨНІМ

(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)

ҚР ҰЭМ СК алдын ала деректері бойынша **туынды ІЖӨ көлемі** 2018 жылғы қаңтар-қыркүйек айлары бойынша нақты көрсеткіші 4,1%-ға ұлғайып 39,9 трлн. теңгені құрады.


2018 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары бойынша ІЖӨ-нің өсуі экономиканың барлық секторларында оң динамикамен қамтамасыз етілді. ІЖӨ өсуіне негізгі үлесті тау-кен өнеркәсіп көлемінің (4,9%-ға), өңдеуші өнеркәсіп (5,1%-ға), көтерме және бөлшек сауда (6,7%-ға), көлік және қоймаға жинау (4,6%-ға), жылжымайтын мүлікпен операциялар (2,3%-ға) көлемінің ұлғаюы болды.

ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісі бойынша 2018 жылғы бірінші жарты жылдық бойынша **4,2%-ға** өсті.

ЖІӨ-нің өсуіне негізгі үлес таза экспорт пен жалпы капиталдың қалыптасуы есебінен болды, бұл әлемдік тауар нарықтарындағы баға жағдайының жақсаруына және негізгі капиталдың жинақталуына байланысты.


Үй шаруашылық шығыстарының өсуі тұтынушылық несиелердің өсуіне, сондай-ақ инфляциялық процестердің баяулауына байланысты болды.

4-график. Өндіріс әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС, ҚР ҰБ деректері бойынша

5-график. Түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС, ҚР ҰБ деректері бойынша

III. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР

2018 жылғы қаңтар-қарашада қысқа мерзімді экономикалық индикатор* 104,8% құрады.

Көрсеткіштің өсуі экономиканың базалық салаларындағы өндірістік белсенділікпен түсіндіріледі. Көрсеткіштің өсімге неғұрлым елеулі үлес қосқандардың бірі шикі мұнай өндіру, мұнай және мұнай өнімдерінің тұрақты көтерме саудасы, ауыл шаруашылығында өндірістің шапшаңдатуы, сондай-ақ сыртқы сауда айналымындағы оң динамикасы белгіленеді. Қарқынының бәсеңдетумен белгіленген өңдеуші өнеркәсіп, құрылыс, көлік және байланыс тежегіш әсерін тигізді.

Сондай-ақ, екінші ай қатарынан инвестициялық белсенділіктің өсу қарқынының баяулауы байқалады.

6-график. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор




жылдың басынан бастап тиісті кезеңге дейінгі, %-пен

* - экономиканы дамыту үрдістерін сипаттайды және базалық салалар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс бойынша шығару индекстерінің өзгеруіне негізделеді. ІЖӨ көлеміндегі осы салалардың үлесі 63-64%-ды құрайды.



7-график. ҚР өңірлері бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор, ж/ж %-бен



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

Аймақтық деңгейі бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатордың максималды мәні (ҚЭИ) Шымкент қаласында байқалды. Бұл өсім Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту мен қайта құру жұмыстарының аяқталуымен байланысты. Осылайша, қаңтар-қараша айларында Шымкенттегі құрылыс индустриясы 2,3 есе өсті. Бұдан басқа, қаланың басқа секторларында оң өсу қарқыны байқалды: сауда, көлік, өнеркәсіп, коммуникация және ауыл шаруашылығы.

ҚЭИ-ң төмендеуі Астана қаласында, Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарында тіркелді. Астанадағы ҚЭИ-ң төмендеуі сауда, құрылыс және ауыл шаруашылығындағы төмендеуімен түсіндіріледі.

Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарында ҚЭИ-ң төмендеуі негізінен өндірістің, атап айтқанда, шикі мұнай және газ конденсатын өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты.

IV. ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ШОЛУ

2018 жылдың қаңтар-қараша айларында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 4,5% -ға артты. Республиканың 14 өңірінде өсім байқалды.

Тау-кен өнеркәсібіндегі өсім 4,7%-ды құрды. Тау-кен өнеркәсібінің өсуіне оң үлесін кен орындарында шикі мұнайды (4,9%-ға) және табиғи газды (4,8%), сондай-ақ металл кендерін (4,5%) және темір рудасын (7,3%), түсті металдарды (3,9%) өндіру оң үлесін тигізді.

Өңдеу өнеркәсібінде оң үрдіс байқалды, саланың өсуі 4,9% құрды. Өсуіне металлургия өнеркәсібі (өсім 3,7%-ға), машина жасау (15,7%) және кокс және мұнай өнімдерін (8,7%) өндіруі әсерін тигізді. Тежегіш әсерін өзге металл емес минералдық өнімдерді өндіру (-1,0%) және сусындар өндіруі тигізді.

Көліктің барлық түрлері бойынша жүк айналымы 2018 жылдың қаңтар-қараша айларында 7,9%-ға өсіп, жоғары деңгейде сақталады. Өнеркәсіптің өсуіне оң әсерін теміржол, автомобиль және мұнай құбырлары (мұнай және газ) көліктерінің қызметтері қамтамасыз етті. Әуе, теміржол және автомобиль көлігіндегі жолаушылар айналымының өсуіне байланысты, жолаушылар айналымы 3,3%-ға өсті.


Құрылыс саласы 3,9%-ға дейін өсті. Құрылыс жұмыстарының ең үлкен көлемі елдің көліктік-логистикалық инфрақұрылымын дамыту (автомобиль жолдарын, жолдарды, теміржолдарды, көпірлер мен тоннельдерді салу) бойынша жүргізілді. Бұдан басқа, өндірістік объектілер мен инженерлік құрылыстарды салу және жөндеу бойынша жұмыстардың айтарлықтай көлемі жүргізілді. Құрылыс жұмыстарының максималды өсуі Шымкент қаласында байқалды (2,3 есе өсті). Төмендеу Астана, Жамбыл және Ақмола облыстарында байқалады.

Ауыл шаруашылығы өндіріс көлемі 2018 жылдың қаңтар-қараша айларында 2,9%-ға өсті. Өнеркәсіптің өсуіне мал шаруашылығы оң үлесін қосты, бұл малдың және құстың тірі салмақта сойылу және де сиыр сүті мен тауық жұмыртқасының көлемінің ұлғайуына байланысты. Бұдан басқа, өсімдік шаруашылығы да өсуге оң үлес қосты.

Тауарлар мен қызметтерді сату көлемі 7,6% -ға өсті. Нақты ақшалай табыстың өсуіне, сондай-ақ тұтынушылық сұраныстың өсуіне байланысты бөлшек тауар айналымының өсуі 6,4%-ды құрады. Көтерме сауданың 8,3%-ға өсуі азық-түлікке жатпайтын тауарлар, оның ішінде шикі мұнай мен металдар сату көлемінің артуымен байланысты болды.

Байланыс саласы 2018 жылдың қаңтар-қараша айларында 3,0%-ға бәсеңдетуді жалғастырды. Интернет қызметтері, сондай-ақ телекоммуникация қызметтері байланыс саласында ең танымал түрлері болып қала береді.

1-сурет. ҚР өңірлері бөлігіндегі өнеркәсіптік өндіріс индексі, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша



V. НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2018 жылғы қаңтар-қарашада Қазақстанның негізгі капиталына салынған инвестициялардың жалпы көлемі 2017 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда 18,3%-ға өсті.

Салалар бөлінісінде жоғары инвестициялық белсенділік өнеркәсіп секторында, оның ішінде шикі мұнай өндіруде (инвестициялардың жалпы көлемінде – 35,9%), сондай-ақ жылжымайтын мүлікпен операцияларда (13%) және көлік пен қоймалау қызметтерінде (12,4%) байқалады.


Өңірлік тұрғыда инвестициялардың жалпы көлемінде шамамен 35%-і Атырау облысына тиесілі. Инвестициялардың елеулі үлесі Республикалық маңызы бар қалаларға да жіберілген болатын: Астана қаласы бойынша (8,9%), Алматы қ. (6,8%) және Шымкент қ. (5,7%). Әлсіздік инвестициялық белсенділік Солтүстік Қазақстан (1,7%), Жамбыл (2,2%), Қостанай (2,3%) және Түркістан (2,5%) облыстарында тіркелді.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың 48%-дан астамы шикізаттық емес секторға бағытталды (бюджеттік инвестицияларды қоспағанда).

Инвестициялардың жалпы көлемінде ішкі инвестициялардың үлесі 70,4%, ал сыртқы инвестициялардікі 29,6% құрады.


Инвестицияның негізгі көздері кәсіпорындардың меншікті қаражаты болып қала береді.

8-график. Салалар тұрғысынан негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж



ҰЭМ СК деректері бойынша

9-график. Негізгі капиталға қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар




ҰЭМ СК деректері бойынша

Мәлімет үшін:

2018 жылдың 3-тоқсанында Ұлттық Банк жүргізген экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындардың сауалнамасына сәйкес, ағымдағы және/немесе негізгі құралдарды қаржыландыруды шектейтін негізгі факторлардың арасында респонденттер қаржы ресурстарының жетіспеушілігін, басқа кәсіпорындардың нарықтық бәсекелестігін, өнімге сұраныстың жеткіліксіздігін мен табыстардың жеткіліксіздігін атап өтті (9-график).

жауаптар %-бен

10-график. Кәсіпорындарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлар



ҚР ҰБ деректері бойынша



VI. Сыртқы сауда айналымы

2018 жылдың қаңтар-қазан бойынша сыртқы сауда айналымы 22,6%-ға (экспорт 29,3%-ға, импорт 11,7%-ға өсті) ұлғайды. Экспорттың құрылымында бұрынғыдай барынша көп 70% - дан астам үлесі минералды өнімдерге тиесілі, олардың экспорты 41%-ға өсті. Экспорттың өсуі әлемдік тауар нарықтарындағы шикізат бағасының көтерілуіне, сондай-ақ шикі мұнайды өндірудің өсуіне байланысты болды. Экспорт құрылымында жануарлар мен өсімдік өнімдері (28,7%-ға), химия өнеркәсібі өнімі (11,7%-ға), құрылыс материалдары (46%-ға), ағаш және орман өнімдері (11,7%-ға) айтарлықтай өсті. Сонымен қатар, тоқыма бұйымдары (15,5% -ға), аяқ киім (24,9% -ға) және тері шикізаты мен мамық (24,6% -ға) экспорты төмендеді. ЕО елдері (үлесі 52,4%), Қытай (үлесі 9,6%), ТМД елдері (үлесі 15,2%) экспорттың негізгі бағыты болып табылады, олардың ішінде кеден одағы елдерінің үлесі 9,6%.

2018 жылы қаңтар-қазан айлары импорты бойынша өсім негізгі тауар топтары бойынша байқалды. Ішкі тұтыну ұлғаюы аясында импорттың өсуіне ең үлкен үлесін машина, жабдық, құралдар мен құрылғылар (өсу 22,1%), металдар мен олардан жасалған бұйымдар (өсу 14,4%), жануарлар мен өсімдік тектес өнімдер (өсу 5,8%), химия өнеркәсібінің өнімі (өсу 6,4%) және тоқыма және тоқыма бұйымдарына (өсу 16,3%) құрады. Өзге де тауарлар тобы бойынша, былғары шикізатымен аң терісі сондай-ақ минералды ресурстары импорты төмендеді.


Тауарлардың негізгі импорты кеден одағының елдеріне (үлесі 40%), ЕО елдеріне (үлесі 21,2%) және Қытайға (үлесі 16,9%) тиесілі.



ҰЭМ СК деректері бойынша

VII. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

13-график. ТМД елдеріндегі ІЖӨ



2018 жылдың 3-тоқсанының қорытындысы бойынша сауда және өнеркәсіп секторларындағы көрсеткіштерінің өсуіне байланысты елеулі экономикалық өсім Тәжікстанда, сондай-ақ сауданың өсуінен Арменияда, Өзбекстанда тіркелген.

2018 жылдың 3 тоқсанында 2018 жылдың 2 тоқсанымен салыстырғанда өсу қарқынының баяулауы Армения, Украина, Белоруссия және Ресей Федерациясында байқалды. Сонымен қатар, бірқалыпты жеделдету тек Өзбекстанда байқалды.




VIII. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық (өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2018 жылдың 3-тоқсанында жұмыспен қамтылған халықтың саны 1,8%-ға өсіп қыркүйек сонында 8727,9 мың адамды құрады (экономикалық белсенді халықтың 95% Экономиканың салалары бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың саны көтерме және бөлшек саудада 3,2%-ға өсті. Сондай-ақ өнеркәсіптік сектордың тұрақты өсуі аясында өңдеу өнеркәсібінде 4,5%-ға және көлік және қоймалауда 4%-ға өсуі байқалды. Жұмыспен қамтудың төмендеуі тау-кен өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында және құрылыс саласында байқалды.

Өңірлер бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың негізгі ұлғаюы Манғыстау облысында (11,2%-ға өсті), Алматы (2,5%-ға) және Астана (4,1%-ға) қалаларында байқалды.

2018 жылдың қарашасында жұмыссыздық деңгейі 4,9% құрады (2014-2017 жылдар аралығында жұмыссыздық деңгейі орташа алғанда 5% болды). Жұмыссыздар саны алдын ала бағалар бойынша 444,7 мың адамды құрады.

16-график. Бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны бойынша жұмыспен қамтылған халық, %-дық үлесі



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

2018 жылдың үшінші тоқсанында бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны 35 сағат және одан аз құрайтын жұмыспен қамтылған халықтың үлесі 2 тоқсанға қарағанда аздап төмендеді. 2018 жылғы үшінші тоқсанында аталған қызметкерлердің үлесі жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 6,4%-ын құрады.

Сонымен қатар, бір аптада 41 сағаттан астам жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі 2015 жылғы бірінші тоқсандағы аздаған өсуден кейін, салыстырмалы түрде төмендеу деңгейде – 21,1%-бен сақталуда.

Бір аптада 36 сағаттан бастап 40 сағатқа дейін нақты жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі басым болып қалуда. 2018 жылғы үшінші тоқсанында үлесі 70,7% болды.



IX. Жалақы және еңбек өнімділігі

(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2018 жылы қараша айында бір қызметкердің орташа айлық номиналдық жалақысы 4,5%-ға ұлғайып, 160,2 мың теңгені құрады.

Халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табыстары 2018 жылдың қазанында алды ала деректер бойынша 4,2% -ға төмендеді


2018 жылғы 3-тоқсанда нақты жалақы 3,1%-ға өсті (жыл басынан 2,4%-ға өсті).

Салалар бөлігінде 2018 жылғы 3-тоқсанда өсім әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласында (16,2%-ға), құрылыста (5%-ға), тау-кен өндірісінде (6,3%-ға), өңдеу өндірісінде (5%-ға) тіркелді. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерде (2,8%-ға), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (1,8%-ға), ауыл шаруашылығында (3,8%-ға) төмендеу байқалды.


2018 жылғы 3-тоқсанда өңірлер бөлігінде номиналдық жалақының ең жоғарғы мәні Атуырау облысында (310,6 мың теңге), ең төменгі мәні – Түркістан облысында (98,8 мың теңге) тіркелді.

2018 жылғы бірінші жартыжылдығында экономикадағы еңбек өнімділігі 3,6%-ға өсті. Салалар бөлігінде ең көп өсім құрылыста (9,3%-ға), өнеркәсіпте (4,3%-ға өсті), көлікте (3,1%-ға) және қаржы және сақтандыру саласында (10,6%-ға) байқалды.


Экономиканың барлық негізгі салаларында еңбек өнімділігінің өсімі нақты жалақының өсу қарқынынан астанының атап өткен жөн (саудадан және ауыл шаруашылығынан басқа).



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша